

## **Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы**

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 тамыздағы N 815 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.15. N 1082 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Атмосфералық ауаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 наурыздағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң**

***Премьер-Министрі***

**Қ а з а қ с т а н**

**Р е с п у б л и к а с ы**

**Ү к і м е т і н і ң**

**2 0 0 3**

**ж ы л ғ ы**

**1 4**

**т а м ы з д а ғ ы**

**N**

**8 1 5**

**қ а у л ы с ы м е н**

**бекітілген**

**Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы  
мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу  
Ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау (бұдан әрі - Мемлекеттік бақылау) Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуына бағытталған. Мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы, оның аумақтық бөлімшелері және жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде орталық атқарушы орган және оның аумақтық бөлімшелері өз құзыреті шегінде жергілікті атқарушы органдармен, сондай-ақ мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетімен және жол полициясы бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасайды.

2. Жергілікті атқарушы органдар атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды өзінің заңнамалық кесімдерде белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

3. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау зиянды (ластайтын) заттар шығарындыларының көздері бар, оның ішінде қозғалмалы объектілерді (бұдан әрі - Объектілер) тексеруге бағытталған.

4. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру жүргізу нысанында жүзеге асырылады.

5. Тексерудің кезенділігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен анықталады.

## **2. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастырудың тәртібі**

6. Мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру мыналарды:

1) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы басшысының тексеруді жүзеге асыру бойынша міндеттер мен мәселелердің тізбесін өзіне қамтитын тексерудің жұмыс жоспарын белгіленген тәртіппен әзірлеуін және бекітуін;

2) Объектілерді тексеруді Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінде (бұдан әрі - ҚСАЕК) және облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша оның құрылымдық бөлімшелерінде тіркеуді;

3) атмосфералық ауадағы (ластаушы) зиянды заттардың сапалық және сандық құрамын, сондай-ақ атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер етуін анықтау үшін қатаң есептілік бланкілерін және техникалық құралдарды дайындауды;

4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның мемлекеттік инспекторында (бұдан әрі - мемлекеттік инспектор) тексеру жүргізу кезінде өзімен бірге ҚСАЕК-де тіркелген тексеруді тағайындау туралы акті, қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган берген белгіленген үлгідегі қызмет куәлігі және мынадай бланкілер:

табиғатты қорғау заңнамасының сақталуын тексеру акт-нұсқамасы;

табиғатты қорғау заңнамасының бұзылғандығы туралы хаттама;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулы;

экологиялық талаптарды бұза отырып жүзеге асырылатын шаруашылық қызметті және өзге де қызметті тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы нұсқама;

экологиялық талаптарды бұза отырып немесе экологиялық сараптаманың оң қорытындысынсыз жүзеге асырылатын объектілерді салуды және пайдалануға беруді, шаруашылық және өзге де қызметті қаржыландыруды тоқтату туралы нұсқама болуы қамтиды.

### **3. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың тәртібі**

7. Мемлекеттік инспектор Объектіге келгеннен кейін тексерілетін объектінің тиісті лауазымды тұлғасына қызмет куәлігін көрсетеді және ҚСАЕК-де тіркелген тексеруді тағайындау туралы актіні тапсырады.

8. Тексеру барысында мыналар:

1) атмосфералық ауаға зиянды (ластайтын) заттар тастандыларына және оған зиянды физикалық әсер етуге берілген рұқсаттарда белгіленген шарттардың сақталуы ;

2) атмосфералық ауаны қорғау стандарттарының, нормативтерінің, ережелерінің және өзге де талаптардың, оның ішінде атмосфералық ауаны қорғау бойынша өндірістік бақылауды жүргізу құжаттамасының сақталуы;

3) атмосфералық ауаға зиянды (ластайтын) заттар тастандыларының және зиянды физикалық әсер етуге тұрақты көздері бар объектілердің санитарлық-қорғау аймақтары режимінің сақталуы;

4) атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы ;

5) Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңнамасы өзге де талаптарының сақталуы анықталады.

9. Егер Объектіде қоршаған ортаның жағдайын өндірістік бақылау жөніндегі жұмыстарды орындайтын зертхана бар болса, онда мыналар:

1) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган куәлігінің бар-жоғы бөлігінде аттестацияланған зертхананың құжаттамасы ;

2) өлшеу нәтижелері бойынша есептік құжаттаманың бар-жоғы, өндірістік бақылау кестелерінің сақталуы және есепке алу журналының жүргізілуі тексеріледі.

10. Көлік және өзге де жылжымалы құралдарды тастандылардың үлестік нормативтерге сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру кезінде мыналар:

1) улы заттардың құрамын және автокөлік және өзге де жылжымалы құралдардың пайдаланылған газдарындағы түтіндік деңгейін тексеру үшін бақылау-өлшеу жабдықтарының бар-жоғы, сондай-ақ осы аппаратуралардың мемлекеттік тексеруден өткендігі туралы сертификаттың бар-жоғы;

2) улы заттардың шекті рұқсат етілетін құрамын және автокөлік және өзге де жылжымалы құралдардың пайдаланылған газдарының түтіндік деңгейіне тексеру жүргізуді есепке алу журналының жүргізілуі;

3) жоспарлы бірінші және екінші мерзімді техникалық қызмет көрсету (ТО-1, ТО-2) уақытында бензинмен жұмыс істейтін двигательді - 17.2.2.03 МЕМСТ бойынша автокөлік құралдарының пайдаланылған газдарындағы улы заттардың

шекті рұқсат етілетін құрамына және дизельмен жұмыс істейтін двигательді - 21393 МЕМСТ бойынша автокөлік құралдарының пайдаланылған газдарындағы шекті рұқсат етілетін түтіндік деңгейін тексерудің жүргізілуі тексеріледі.

#### **4. Қауіпсіздік техникасы**

11. Объектінің қызметіне тексеру жүргізу кезінде мемлекеттік инспектор осы Объектіге арналған қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитария жөніндегі жалпы, арнайы ережелер мен нұсқаулықтардың талаптарын орындайды.

#### **5. Тексеру нәтижелерін ресімдеу**

12. Тексеру нәтижелерін ресімдеу кезінде мемлекеттік инспектор қолданыстағы атмосфералық ауаны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілермен белгіленген арнайы терминдер мен анықтамаларды ғана пайдаланады .

Объектіні тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік инспектор атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңнама талаптарының сақталуын тексеру а к т - н ұ с қ а м а с ы н ж а с а й д ы .

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаларға сәйкес мемлекеттік инспектор :

1) атмосфералық ауаны қорғау туралы заңнаманың бұзылғандығы анықталған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды және осы құқық бұзушылық бойынша қаулы шығарады ;

2) ерекше жағдайларда, көрсетілген мерзімде талап қою шағымы міндетті түрде сотқа ұсыныла отырып, экологиялық талаптарды бұза отырып жүзеге асырылатын жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін үш күннен аспайтын мерзімге тоқтатады не тыйым салады. Бұл ретте қызметті тоқтата тұру не тыйым салу туралы нұсқама сот шешімі шығарылғанға дейін қолданылады.

Егер, шаруашылық және өзге қызметтің объектілерін салу немесе пайдалану экологиялық талаптарды бұза отырып немесе мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысынсыз жүзеге асырылса, мемлекеттік инспектор " Атмосфералық ауаны қорғау туралы" Заңға сәйкес тиісті қаржы-кредит ұйымдарына мұндай қызметті қаржыландыруды тоқтату туралы нұсқама шығарады.